Товарищество с ограниченной ответственностью

«Нұрболат»

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БИН 070540013468, ИИК № KZ416010231000036451 в АО «Народный Банк Казахстана», БИК HSBKKZKX
Мангистауский район, с. Шетпе, мкр. «Курылысшы», здания нотариуса

Шығ.№ 65/21
17.05.2021 ж.

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі Ақтөбе облысының
Ішкі мемлекеттік аудит
департаменті бастығы С.Касымовқа

Ақтөбе облысы **"Мәртөк аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі** конкурстың № **5607365-ОК1**, лоттың № 43158545-ОК1 "**Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Қаратоғай ауылындағы спорт залының құрылысы"** жұмыстарына мемлекеттік сатып алу конкурсын өткізді. Бұл конкурс бойынша жеңімпаз **"Азамат құрылыс" ЖШС**, екінші орын алған әлеуетті өнім беруші, "ЕРЗАТ" ӨК болды. Бұл конкурс қорытындысымен төмендегі мән-жайларға сүйене отырып келіспейтіндігімізді білдіреміз.

1. Осы конкурс бойынша **"Нұрболат"** жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жұмыс өтілі бойынша 1 балл берді, яғни заң бойынша бас мердігер болып жасаған жұмыстарымыздың жұмыс өтіліне баллды толықтай есептемеді. "Нұрболат" ЖШС-не басқа мемлекеттік сатып алу конкурстары бойынша "Ақтөбе облысының мемлекеттік сатып алулар басқармасы" мемлекеттік мекемесі **«Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Тамды ауылындағы Сатпаев орта мектепке қарасты жаңа спорт залының құрылысы» нысаны бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары,** конкурстың № **5337658-ОК1 конкурсы бойынша жасаған жұмыстарымызға 7,6 балл берді. Бұл жаңа құрылыс, "Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Қаратоғай ауылындағы спорт залының құрылысы" бұл дәл осындай** жаңа құрылыс жұмыстары. Сонда конкурсты ұйымдастырушы "Ақтөбе облысының мемлекеттік сатып алулар басқармасы" ММ-сі жаңа құрылыс жұмыстарына 7,6 балл береді де **"Мәртөк аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі** 1 балл береді, бұл конкурсты ұйымдастырушы **"Мәртөк аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі тарапынан орын алып отырған** көпе-көрнеу мемлекеттік сатып алу заң талабын бұзу болып табылады. Бұл конкурс бойынша конкурсты ұйымдастырушы "Нұрболат" ЖШС-не бас мердігер болып жасаған жұмыс өтіліне 7,6 балл беру керек еді. Конкурсты ұйымдастырушы "Нұрболат" ЖШС-не жұмыс өтілі бойынша 7,6 балл, яғни жиынтық балдарды есептеу бойынша 5 балл, салықтық төлем бойынша 3 балл беру керек еді.

Жоғарыда жазылғандардың негізінде, орын алған заң бұзушылықтарды жойып, "Нұрболат" ЖШС-нің жұмыс өтілі бойынша өтілдерін есептеп, 7,6 балл, яғни жиынтық балдарды есептеу бойынша 5 балл, салықтық төлем бойынша 3 балл беріп, қорытынды хаттаманы қайта жасақтауды (пересмотр итогов) сұраймын.

Құрметпен
"Нұрболат" ЖШС-гі директоры **Нурбосинов Н.О.**

+77016486660;
nurbolat_too@mail.ru